

Жетісу облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат.

Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2025 жылдың «1» желтоқсаннан бастап 2025 жылдың «15» желтоқсанға дейін

Өтінім берудің басталу күні: 2025 жылдың «1» желтоқсан

Өтінім берудің аяқталу күні: 2025 жылдың «15» желтоқсан.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдер;
- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;
- әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;
- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.



Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 шілдеде № 33105 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 79-4-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Б. Омарбеков

*Ұлттық экономика
министрінің м.а.*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2023 жылғы 17 шілдедегі
№ 140 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидалары
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 79-4-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы комиссия – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге қатысты мәселелерді қарау мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жанындағы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік одақтардың өкілдері қатарынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

2) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дара кәсіпкерлер және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

3) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) – заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

6) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі (бұдан әрі – ӘКС) – тізілімге енгізілген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда);

7) бірінші санаттағы ӘКС – азаматтардың мынадай санаттарын:

мүгедектігі бар адамдарды;

мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-ананы және басқа да заңды өкілдерді;

зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде);

балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды;

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды;

нарколологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

қандастарды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі қызметкерлерінің арасында осындай санаттардың кез келгеніне (осындай санаттардың біріне немесе бірнешеуіне) жататын адамдардың орташа жылдық саны алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кемінде елу пайызды құраған (бірақ осындай санаттарға жататын кемінде екі адам болған), ал еңбекке ақы төлеу шығыстарында осындай санаттардың кез келгеніне (осындай санаттардың біріне немесе бірнешеуіне) жататын адамдардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстардың үлесі кемінде жиырма бес пайызды құраған жағдайда, жұмыспен қамтуға ықпал етеді (жұмыскердің әлеуметтік мәртебесі еңбек шартын жасасқан кезде белгіленеді);

8) екінші санаттағы ӘКС – осы Қағидалардың 2-тармағының 7) тармақшасында аталған санаттар қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді өткізуге ықпал ететін ӘКС. Бұл ретте, алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі ӘКС кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс, ал ӘКС алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құрайды;

9) үшінші санаттағы ӘКС – мүгедектігі бар адамдардың тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеруге немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау мақсатында мүгедектігі бар адамдарға арналған, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау мақсатында осы Қағидалардың 2-тармағының 7) тармақшасында аталған өзге де

адамдарға арналған тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ӘКС, бұл ретте мынадай:

тұрмыста тыныс-тіршілікті қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету жөніндегі;

күтімді ұйымдастыру, сауықтыру іс-шараларын жүргізуге жәрдем көрсету, азаматтардың денсаулық жағдайының өзгеруін анықтау үшін жүйелі түрде байқау арқылы денсаулықты қолдауға және сақтауға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтерді көрсету жөніндегі;

әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психологиялық жай-күйін түзетуде көмек көрсетуді көздейтін әлеуметтік-психологиялық қызметтерді көрсету жөніндегі;

мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың профилактикасына бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді көрсету жөніндегі;

жұмысқа орналасуда және еңбекте бейімделуге байланысты өзге де проблемаларды шешуде көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету жөніндегі;

коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімдеуді көздейтін қызметтерді, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі;

аурулардың профилактикасы, мүгедектігі бар адамдарды оңалту, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды медициналық абилитациялау үшін ғана пайдалануға болатын медициналық техниканы, протездік-ортопедиялық құралдарды, цифрлық денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалық қамтылымды, сондай-ақ техникалық құралдарды өндіру және (немесе) өткізу жөніндегі;

мүгедектігі бар адамдар мен зейнеткерлердің демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыру жөніндегі;

қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі;

мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектелген топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділікті, көлік құралдарын пайдалануды, ақпарат беру кезінде әмбебап байланыс қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау жөніндегі қызмет түрлеріне сәйкес алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі ӘКС кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауы, ал ӘКС алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құрауы шарт;

10) төртінші санаттағы ӘКС – қызметті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түсетін кірістердің үлесі ӘКС кірістерінің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құраған, ал ӘКС алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алған таза кірістің ағымдағы күнтізбелік жылда осындай қызметті (осындай қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі көрсетілген кіріс мөлшерінің (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза кіріс болған жағдайда) кемінде елу пайызын құраған жағдайда, мынадай:

отбасын нығайтуға, балалардың отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз етуге және ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтерді көрсету жөніндегі;

балалардың демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыру жөніндегі;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі;

мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі;

әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту жөніндегі;

мәдени-ағартушылық (оның ішінде, жеке музейлердің, театрлардың, кітапханалардың, архивтердің, мектеп-студиялардың, шығармашылық шеберханалардың, ботаникалық және зоологиялық бақтардың, мәдениет үйлерінің, халық шығармашылығы үйлерінің қызметі);

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі;

осы Қағидалардың 2-тармағының 7) – 10) тармақшаларында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық және ұзақ өмір сүру орталықтарын, саламатты өмір салтын жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет түрлерінің ішінен жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тізілім Кодекстің 79-4-бабының 1-тармағына сәйкес алдыңғы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 1 наурыздан кешіктірілмей бекітіледі.

Көрсетілген мәліметтер арнаулы комиссияның қарау қорытындылары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған мәліметтерді ескере отырып, жыл сайын алдыңғы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкестігіне өзектілендіріледі.

Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкес келген кезде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған мәліметтер негізінде арнаулы комиссияның күнтізбелік тоқсанның 1 (бірінші) күніне қарау қорытындылары бойынша тізілімге жаңа ӘКС енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу тәртібі

4. Тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган арнаулы комиссияның қарау қорытындылары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған мәліметтердің негізінде жүзеге асырады.

5. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өзін тізілімге енгізу мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өзін тізілімге енгізу үшін өтініш жасайтын санатқа байланысты осы Қағидалардың 6 – 9-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

3) өтініш берушінің уәкілетті адамының өтінішке қол қою құқығын куәландыратын сенімхат (өтініш берушінің сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі құжаттарды берген жағдайда).

6. ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) өтініш берген күнге жарамды өтініш берушінің штат кестесінің көшірмесін;

2) ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы өтініш берушінің қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарының көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша өтініш берушінің қызметкерлерін ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызуды растайтын құжаттардың көшірмелерін;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші қызметкерлерінің саны мен жалақысы туралы мәліметтерді;

5) ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы өтініш беруші қызметкерлерінің дербес деректерін өңдеуге арналған келісімдердің көшірмелерін (дербес деректердің дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізу мақсаты үшін жергілікті атқарушы органдарға ұсынылатынын көрсете отырып) ұсынады.

7. ӘКС-тің екінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

8. ӘКС-тің үшінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызмет бағыттарына сәйкес ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген санаттар қатарындағы

азаматтарға арналған, осындай азаматтар үшін олардың тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеруге немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар, сондай-ақ қоғам өміріне басқа азаматтармен тең қатысу мүмкіндіктерін жасау мақсатындағы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндірісі жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

9. ӘКС-тің төртінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған және қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

10. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) осы Қағидалардың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның өтініштері мен құжаттарын қарау мақсатында жыл сайын, 31 (отыз бірінші) желтоқсанның кешіктірмей арнайы комиссия құрады;

2) жыл сайын 10 қаңтарға дейін және тоқсан сайын, күнтізбелік тоқсанның алдындағы айдың 1-нен 15-не дейін дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізуге арналған өтініштерді қабылдауды жүзеге асырады;

3) өтініштерді қабылдау басталатын күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын облыстық өңірлік апталық баспа басылымында, сондай-ақ өзінің интернет-

ресурсында қабылдау мерзімдері мен орнын көрсете отырып, тізілімге енгізуге арналған өтініштерді қабылдау туралы хабарландыру жариялауды жүзеге асырады;

4) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға тізілімге енгізу мәселелері бойынша консультация береді;

5) дара кәсіпкерлерден өтініштерді және осы Қағидаларға сәйкес оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдайды;

6) тоқсан сайын арнаулы комиссияның отырыстарын ұйымдастырып, өткізеді;

7) дара кәсіпкерлерді немесе заңды тұлғаларды арнаулы комиссияның ұсынымдары туралы хабардар етеді.

11. Өтінімдерді қабылдау дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша жүзеге асырылады.

12. Осы Қағидалардың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген өтініш пен құжаттарды дара кәсіпкер немесе заңды тұлға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына қағаз түрінде немесе электрондық жеткізгіштерді пайдалана отырып және (немесе) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген, басшы не оны алмастыратын адам қол қоятын және дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның мөрімен (бар болса) бекемделетін нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта, электрондық пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы береді. Өтініште және осы Қағидалардың 5 – 9 тармақтарында көрсетілген құжаттарда қамтылатын мәліметтер олар берілген күнгі жағдай бойынша жарамды болуға тиіс.

13. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары осы Қағидалардың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген өтініш пен құжаттарды қарау кезінде құжаттар ұсынылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарда қамтылатын мәліметтердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары осы Қағидалардың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген өтініш пен құжаттарды қарау кезінде оларды тиісті мемлекеттік органдардан алынған ақпаратпен салыстырып тексеру арқылы мәліметтердің анықтығын тексеруді жүзеге асырады.

14. Арнаулы комиссия осы Қағидалардың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген өтініштерді және тиісті құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге

енгізу туралы немесе дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізуден бас тарту туралы ұсынымдарды тұжырымдайды.

15. Арнаулы комиссия дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ұсынған деректер осы Қағидалардың 2-тармағының 6) – 9) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келмеген кезде дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізуден бас тарту туралы ұсынымдарды тұжырымдайды.

16. Арнаулы комиссия дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізуден бас тарту туралы ұсынымды тұжырымдаған жағдайда, ол облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына қайта жүгіне алады.

17. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ тоқсан сайын күнтізбелік тоқсанның алдындағы айдың 25-күнінен кешіктірмей, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға арнаулы комиссия тізілімге енгізу үшін ұсыным берген дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың тізбесін ұсынады.

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган тізбенің негізінде тізілімді бекітеді және өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

18. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы ақпарат жұмыста пайдалану үшін мүдделі тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әлеуметтік кәсіпкерлік
субъектілерінің тізілімін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі

P/c	Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы	сәйкестендіру нөмірі	Заңды мекенжайы (тұрған жері)	Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілу күні	Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілу күні

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

_____ (уәкілетті органның атауы)

_____ (дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы) мекенжайы:

_____, телефоны: _____, факс: _____, электрондық пошта мекенжайы: _____.

Дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш

_____ (дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның толық атауы)

сәйкестендіру нөмірі _____

(бұдан әрі – өтініш беруші) атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар тұлға туралы мәліметтер _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, көрсетілген құжатты берген органның атауы, лауазымның атауы)

Кодтарын көрсете отырып, Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес өтініш беруші жүзеге асыратын қызмет түрлері:

1)...

2)...

... .

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін басшылыққа ала отырып,

(дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның толық атауы)
әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретінде тануды сұраймын.

Өтініш беруші өтініште және оған қоса берілген құжаттарда өзі ұсынған мәліметтердің анық екендігіне кепілдік береді.

""Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларында көзделген құжаттар қоса беріледі (____ парақта).

20__ ж. " ____ " _____

Дара кәсіпкер (заңды тұлғаның		
басшысы) / уәкілетті адам	_____	_____
	(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)
мөр орны (бар болса)		

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларының 3-қосымша

Нысан

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарына өтініш беруші жұмыскерлерінің жататынын растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтар санаты	Құжаттар (тиісті негіздеме болған жағдайда ұсынылады)
Мүгедектігі бар адамдар	мүгедектікті белгілеу фактісін растайтын анықтамалар
Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар және өзге де заңды өкілдер	баланың тууы (асырап алынуы) туралы куәлікте мүгедектігі бар балаға қорғаншылық, қамқоршылық растайтын құжаттардың (қорғаншылықты немесе қамқоршылықты жүзеге асыру туралы шарттың не қорғаншы және қамқоршыны немесе қамқоршыны тағайындау туралы шарттың) көшірмелері; мүгедектікті белгілеу фактісін растайтын құжаттардың көшірмесі ("мүгедектігі бар бала" санатын белгілеу)
Зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде)	Зейнеткерлік куәліктің және жеке басты куәландіретін құжаттардың көшірмелері не олардың электрондық нысандары (баспасөз)
балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға	Адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы акті, баланың ана құқығынан бас тарту және баланы асырап алудың шартнамасының көшірмесі; баланы денсаулық сақтау туралы

арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін	туралы актінің көшірмесі; жетім бала немесе қамқорлығынсыз қалған бала тұратын білім беру, басқа да ұйым басшысының анықтамасы
Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде	Тұрғылықты жеріндегі учаскелік полициядан міндетті адамның жеке ісі
Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдар	Пробация қызметінен анықтама
Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған бейімдеу орталықтарынан анықтама
аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды	Олардың мәртебесін растайтын құжаттар
Наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде	медициналық-әлеуметтік оңалтудың, наркологиялық психоневрологиялық диспансерлердің дәрігерлік қорытындысы
Қандастар	Қандас куәлігі не оның электрондық нысаны

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіміне жүргізу қағидаларының 4-қосымша

Нысан

Өтініш беруші _____ (дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның толық атауы) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы жұмыскерлерінің саны мен жалақысы туралы мәліметтер 20__ жылы "___" _____ жағдай бойынша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде жұмыскерлердің орташа тізімдік саны, адам	Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде есептелген жалақы, теңге
Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 79-3-бабының 1) тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын жұмыскерлер, оның ішінде:			
1.	мүгедектігі бар адамдар		
2.	мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-ананы және басқа да заңды өкілдерді		
3.	зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы		

	төлемдеріне құқық беретін жасқа жеткенге дейін бес жыл ішінде)		
4.	балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін		
5.	Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде		
	Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдар		
6.	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар		
7.	аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды		
8.	Наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде		
9.	қандастар		
10.	Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына жататын жұмыскерлер		

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабында көрсетілген санаттарға жататын жұмыскерлердің алдыңғы күнтізбелік жыл ішіндегі жұмыскерлердің (адамның) жалпы орташа тізімдік санындағы үлесі, пайызбен –

_____.
20__ жылы "___" _____

Дара кәсіпкер

(заңды тұлғаның басшысы) / _____

уәкілетті адам (қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

мөр орны (болған жағдайда)

Әлеуметтік кәсіпкерлік
субъектілерінің тізілімін
жүргізу қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу туралы мәліметтер

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабында көрсетілген санаттар қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу туралы жалпы ақпарат

Көрсеткіштің атауы	Өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы	Жасалған шарттардың саны (шарттардың нысанасын көрсете отырып)	Алдыңғы күнтізбелік жылдан түскен өткізуден түскен ақшаның (қосымша көлемі), теңге
Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 79-3-бабының 1) тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың барлығы, оның ішінде:			
мүгедектігі бар адамдар			
мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер			
зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл ішінде)			

балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін			
Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде			
қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдар			
белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар			
аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар			
наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде			
қандастар			
Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына жататын жұмыскерлер			

2. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабында көрсетілген

азаматтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуді

қамтамасыз ету тетігінің сипаттамасы
(еркін нысанда):

_____.

20__ жылы "___" _____

Дара кәсіпкер

(заңды тұлғаның басшысы) /

уәкілетті адам _____

(қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

мөр орны (болған жағдайда)

Әлеуметтік кәсіпкерлік
субъектілерінің тізілімін жүргізу
қағидаларына
6-қосымша

1-нысан

Алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтама (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда)

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер туралы мәліметтер:

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні:		
	1	2	3
	екінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	үшінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	төртінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде қызметті жүзеге асырудан алынған кірістердің жалпы көлемі, теңге			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер, теңге			
Кірістердің жалпы көлемінде алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістердің үлесі, пайыз			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алынған таза пайданың мөлшері, теңге			

Ағымдағы күнтізбелік жылда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған пайданың мөлшері, теңге	
Алдыңғы күнтізбелік жылы алынған таза пайданың көрсетілген пайда мөлшерінен ағымдағы күнтізбелік жылы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі, теңге	

20__ ж. "___" _____

Дара кәсіпкер (заңды тұлғаның басшысы) / уәкілетті адам		
	(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)
мөр орны (бар болса)		

2-нысан

Алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтама (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда)

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер туралы мәліметтер:

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні:		
	1	2	3
	екінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	үшінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	төртінші санаттағы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде қызметті жүзеге асырудан алынған кірістердің жалпы көлемі, теңге			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер, теңге			
Кірістердің жалпы көлемінде алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістердің үлесі, пайыз			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алынған таза пайданың мөлшері, теңге			
Ағымдағы күнтізбелік жылда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған пайданың мөлшері, теңге			
Алдыңғы күнтізбелік жылы алынған таза пайданың көрсетілген пайда мөлшерінен ағымдағы күнтізбелік жылы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі, теңге			

20__ ж. "___" _____

Дара кәсіпкер (заңды тұлғаның		
басшысы) / уәкілетті адам	_____	_____
	(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)
мөр орны (бар болса)		

3-нысан

Алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтама (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда)

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер туралы мәліметтер:

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні:		
	1	2	3
	екінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	үшінші санаттағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен	төртінші санаттағы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде қызметті жүзеге асырудан алынған кірістердің жалпы көлемі, теңге			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістер, теңге			
Кірістердің жалпы көлемінде алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асырудан түскен кірістердің үлесі, пайыз			
Алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде алынған таза пайданың мөлшері, теңге			
Ағымдағы күнтізбелік жылда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған пайданың мөлшері, теңге			
Алдыңғы күнтізбелік жылы алынған таза пайданың көрсетілген пайда мөлшерінен ағымдағы күнтізбелік жылы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті (қызмет түрлерін) жүзеге асыруға бағытталған үлесі, теңге			

20__ ж. "___" _____

Дара кәсіпкер (заңды тұлғаның		
басшысы) / уәкілетті адам	_____	_____
	(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)
мөр орны (бар болса)		

Нысан

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген санаттар қатарындағы азаматтарға арналған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндірісі жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтер

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызмет бағыттарына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген санаттар қатарындағы азаматтардың тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеруіне немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау, сондай-ақ қоғам өміріне басқа азаматтармен тең қатысуларына мүмкіндіктер беру мақсатында, оларға арнап өндірілетін өнім (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы жалпы ақпарат

Нысаналы аудитория	Өндірілетін өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрі	Өндірілетін өнім түрінің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) мақсаты	Алдыңғы күнтізбелік өнімді (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түскен
Мүгедектігі бар адамдар			
Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер			
Зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа жеткенге дейін бес жыл ішінде)			
балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін			
Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар –			

босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде			
Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдар			
Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар			
